

егемен

Қазвәтәтәһ

Мәшине жасау саласының мәні қайтсе артады?

Кеңейтілген отырысты Мәжіліс Төрағасы Орал Мұхамеджанов ашып, оның Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Нұр Отан” ХДП Саяси кеңесінің 2008 жылғы 17 қаңтарда болған кеңейтілген отырысында ұйымның алдына қойған міндеттерін орындау мақсатымен өтіп отырғанын жеткізді. Міне, бес жыл бойы біздің елдің индустриялық дамуы инновациялық әлеуеттің қарқынын арттыра отырып, шикізат өндіру бағытынан технологиялық өндіріске өнеркәсіптің барлық саласын әртараптандыру мақсатын алға қою арқылы кезең-кезеңмен, осы стратегияны басшылыққа алып дамып келеді. Стратегияны іске асыру үш кезеңге бөлінген. Оның біріншісі 2003-2005, екіншісі 2006-2010 және үшіншісі 2011-2015 жылдар аралығын қамтиды. Алғашқы кезеңде Үкімет бәсекеге қабілеттілікті анықтау мақсатымен барлық маркетингтік зерттеулерді жасап, менеджерлердің жаңа форматына сай кадрлық базаны айқындады. Ал бүгін біз осы стратегияны іске асырудың нағыз қайнаған кезінде отыруымыз керек-тін. Бірақ бүкіләлемдік дағдарыс біздің алдымызға басқа сыбағалар ұсынып отыр. Қазір Үкімет дағдарыстың ауыр салмағын халықтың иығына түсірмеу үшін барлық күшін жұмылдыруда. Елбасы Үкіметтің алдына осындай нақты міндет қойып отыр, дей келіп, негізгі баяндаманы жасау үшін сөзді Экономикалық реформалар және аймақтық даму комитетінің мүшесі, Қазақстан Мәшине жасаушылар одағының төрағасы, депутат Мейрам Пішембаевқа берді.

М. Пішембаев өзінің сөзінде бүгінгі күні елдің барлық өндірісіндегі мәшине жасау саласының үлесі 3,5 пайызды құрап отырғанын айтты. Ал салыстырмақ үшін айтатын болсақ, ол Қытайда – 25, Германияда – 48, АҚШ-та – 40, Францияда – 38, Ресейде – 30, Жапонияда 50 пайыз, деді шешен. Біздің еліміздегі мәшине жасау саласының жұмысшылары 90-жылдары 350 мың адам болса, қазір ол 75 мыңға дейін қысқарды. Өкінішке қарай, салаға бөлінген инвестиция барлық өнеркәсіпке бөлінгеннің 1-ақ пайызын құрайды, оның өзі соңғы жылдары 30 пайызға төмендеп кетті. Кедендік декларацияның соңғы мәліметтеріне қарағанда, ай сайын Қазақстанға 500 млн. доллардың мәшине жасау саласының өнімдері енгізіледі екен. Одан да осы қаражатты отандық мәшине жасаушыларды индустриялық-инновациялық жолмен дамытуға жұмсайтын болсақ, экономикамыз алға баса түсер еді.

Баяндамашы келесі кезекте саланың қазіргі перспективаларына тоқталды. Алдымен ол Стратегияны орындау бойынша 2006-2008 жылдарға жасалған шаралар жоспарын сын тезіне алды. Шешеннің айтуынша, шаралардың саланы дамыту бағытындағы екпіні төмен. Қазір стратегияны іске асырудың жарты мерзімі өтіп кетті, бірақ біз әлі күнге сараптау, мониторинг жасау және ұсыныс беру кезеңінде малтығып жүрміз, деді ол. Одан әрі Даму банкі, Инвестқор, Инжиниринг және трансферт технологиясы орталығы, т.б. даму институттары тарапынан мәшине жасау саласының бірде-бір зауытына трансферттехнология бөлінбегенін атап көрсетті. Оның үстіне, ұсынылған жобаларды қарау мерзімі тым ұзаққа созылады. Мәселен,

Даму банкі Петропавлдың “ПЗТМ” зауытының жобасын қарауды екі жылға созды, одан “БРК-лизинг” еншілес компаниясына аударып, ол жарты жыл ұстады. Бірақ әйтеуір мәселе оң шешіліп, зауыт бөлінген 700 млн. теңгеге 24 осы заманғы станок сатып алды. Ал басқалар өзін қаржыландыруды әлі күнге күтіп жатыр.

Саланы дамытуға байланысты маман өзінің мынадай ұсыныстарын жасады: алдымен салық салуды жетілдіріп, жеңілдіктерді жалғастыру керек; екіншіден, Үкімет мәшине жасау саласының бес негізгі: электротехникалық, көліктік, тау-кен, мұнай-газ және ауыл шаруашылығы мәшинелерін жасау зауыттарына қамқорлық жасауы керек; ғылыми тұрғыда ашылған жаңалықтарды іле-шала өндіріске енгізу мақсатымен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жандандыру қажет. Әзірге, қазақстандық ғалымдардың ашқан бірде-бір жаңалығы өндіріске енгізілген жоқ.

Үкімет тарапынан сөйлеген Премьер-Министрдің орынбасары Өмірзақ Шөкеевтің сөз саптасынан баяндамашының саланың көбіне-көп жетімсіз жақтарын айтқанын жақтырмаған сарын сезіліп тұрды. Иә, бұрын бізде осы саланың 1800 кәсіпорны болған, қазір де соның 1500-інің жұрнағы бар. Бірақ ол кәсіпорындардың бәрі басқа бағыттағы экономикада жұмыс істегенін естен шығармайық, олардың бәрі дерлік одақтық зауыттар өнімдерінің бір бөлшектерін шығаратын, ал кейін тапсырыс берушілер біздің кәсіпорындарға сұраныс жасамай қойғаны да шындық. Ал біз саланы қолдау үшін неше түрлі бағдарламалар, жеңілдіктер жасап, несиелер бөлгенбіз. Бірақ соның көбі құмға сіңген судай болып, жекешелендіріп алған директорлардың қалтасында кетті. Қазір ол кезді емес, саланың қазіргі перспективасын талқылау керек, деді Ө.Шөкеев. Сондай-ақ Үкіметтің тұтынушысы бар мұнай-газ секторы өндірісіне арналған өнімдер шығара алатын зауыттарды қолдап жатқанын жеткізді.

Жиналыста, сонымен қатар, Индустрия және сауда министрі В.Школьник, Энергетика және минералды ресурстар вице-министрі Л.Қиынов, Мәжілістің Экономикалық реформа және аймақтық даму жөніндегі комитетінің төрағасы В.Бобров және т.б. жарыссөзге шығып, саланың өздеріне белгілі мәселелері бойынша ойларын ортаға салды.

Кеңейтілген отырыстың жұмысына “Нұр Отан” ХДП Төрағасының бірінші орынбасары Д.Кәлетаев қатысып отырды.

Авторы: Жақсыбай Самрат.